

"Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2018 жылғы 16 қантардағы № 13 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2025 жылғы 28 шілдедегі № 121 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 1 тамызда № 36550 болып тіркелді

#### БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2018 жылғы 16 қантардағы № 13 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16299 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

""Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 4 және 5-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "А" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін (бұдан әрі – Әдістеме) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың үлгілік әдістемесі осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Мемлекеттік қызметті өткеру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің интернет-ресурсында ресми жарияланған күнінен кейін орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының мемлекеттік қызмет мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 1 қантардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылатын осы бұйрықтың 1-тармағының төртінші абзацын қоспағанда, 2025 жылғы 1 шілдесінен бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

- 1) Әдістеменің 7-тармағының сегізінші, тоғызынышы бөлігі 2025 жылғы 1 қыркүйекке дейін қолданылады;
- 2) Әдістеменің 5-тaraуы және 8, 9, 10 қосымшалары 2026 жылғы 1 наурызға дейін қолданыста болады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасы

Д. Жазықбай

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік қызмет істері  
агенттігі төрағасы  
2025 жылғы 28 шілдедегі  
№ 121 бұйрығына  
1 қосымша  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік қызмет істері  
және сыйбайлас жемқорлыққа  
карсы іс-қимыл агенттігі  
төрағасының  
2018 жылғы 16 қаңтардағы  
№ 13 бұйрығына  
1-қосымша

## "A" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесі

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы "A" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 33-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және "A" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі – "A" корпусының қызметшілері) қызметін бағалау алгоритмін айқындайды.

2. "A" корпусы қызметшілерінің қызметін бағалау (бұдан әрі – бағалау) олардың жұмысының сапасы мен тиімділігін айқындау үшін өткізіледі.

Бағалау "Е-қызмет" ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) арқылы жүргізіледі.

3. Егер "A" корпусы қызметшісінің бағаланатын кезеңде нақты лауазымда болу мерзімі бағаланатын лауазымға тағайындалған күннен бастап үш айдан аз болған жағдайда бағалау жүргізілмейді.

Бұл ретте бағаланатын кезең "A" корпусы қызметшісінің нақты лауазымда нақты жұмыс істеген кемінде он бес жұмыс күнін қамтуға тиіс.

Еңбек демалыстарындағы, енбекке уақытша жарамсыздық кезеңіндегі не қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға және іссапарға жіберілген "A" корпусы қызметшілерін, сондай-ақ жұмыстан шығарылған қызметшілерді бағалау олардың қатысуыныз жүргізіледі.

"А" корпусы қызметшілерін бағалау олардың нақты лауазымдағы қызметінің нәтижелері бойынша күнтізбелік жылдың қорытындылары бойынша бағаланатын жылдан кейінгі жылдың 20 қантарынан кешіктірілмей жүргізіледі.

4. Бағалауды "А" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызмет лауазымдарына тағайындау және босату құқығы бар тұлға жүргізеді (бұдан әрі – уәкілетті тұлға).

Бағалау "А" корпусы қызметшісінің жыл сайынғы келісімде белгіленген нысаналы мақсатты индикаторлар (бұдан әрі – НМИ) қол жеткізуі тұрғысынан жүргізіледі.

НМИ міндетті тұрде белгіленетін (бұдан әрі – міндетті НМИ) және уәкілетті тұлға айқындайтын болып бөлінеді.

5. Бағалауды үйымдастырушылық сүйемелдеуді мемлекеттік органдың персоналды басқару қызметі не ол болмаған жағдайда – бағалауды жүргізетін тұлға айқындайтын өзге құрылымдық бөлімше (бұдан әрі – персоналды басқару қызметі) қамтамасыз етеді.

Персоналды басқару қызметі уәкілетті тұлғаны және "А" корпусы қызметшісін бағалау жүргізу тәртібімен таныстыруды қамтамасыз етеді.

## **2-тарау. Жыл сайынғы келісім жасау жобасын дайындау, сондай-ақ оны сақтау мен қайта қарau тәртібі**

6. "А" корпусы қызметшілері және уәкілетті тұлға арасында бағалау жүргізу үшін жыл сайынғы келісім жасалады.

7. 1-санатқа жататын "А" корпусы қызметшілерінің (бұдан әрі – 1-санаттағы қызметшілер) жыл сайынғы келісімі осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органмен келісілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады.

2-санатқа жататын "А" корпусы қызметшілерінің (бұдан әрі – 2-санатты қызметшілер) жыл сайынғы келісімі осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағаланатын жылдың 1 ақпанына дейін жасалады.

1-санаттағы қызметшілердің жыл сайынғы келісімінің жобасы осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағаланатын жылдың 20 қантарынан кешіктірмей мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға келісуге жіберіледі.

Бағаланатын жылдың 20 қантарынан кейін лауазымға 1-санатты қызметші тағайындалған кезде жыл сайынғы келісімнің жобасы лауазымға тағайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға келісуге жіберіледі.

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган он бес жұмыс күні ішінде жыл сайынғы келісімнің жобасын келісуді жүзеге асырады немесе ескертулер болған кезде оны пысықтауға жібереді.

Мемлекеттік орган бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға ескертулерді ескере отырып пысықталған жыл сайынғы келісімнің жобасын жібереді.

Жыл сайынғы келісімнің жобасын келісу шеңберінде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган 1-санаттағы қызметші үшін кадр мәселелері бөлігінде бір міндетті НМИ белгілейді.

Осы Әдістеме күшіне енгенге дейін бекітілген 1-санаттағы қызметшілердің жыл сайынғы келісімдері осы Әдістеменің 8-тармағына және 1-қосымшаға сәйкес нысанда сәйкестендірілуі және 2025 жылғы 10 тамызға дейін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның келісуіне жолдануы тиіс.

Осы Әдістеме күшіне енгенге дейін бекітілген 2-санаттағы қызметшілердің жыл сайынғы келісімдері осы Әдістеменің 9-тармағына және 2-қосымшаға сәйкес нысанда 2025 жылғы 10 тамызға дейін сәйкестендірілуі тиіс.

#### 8. 1-санаттағы қызметші үшін мынадай міндетті НМИ белгіленеді:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының тапсырмалары мен актілерінің сапалы және уақтылы орындалуын қамтамасыз ету (оның ішінде мәтіннің түпнұсқалығы, мемлекеттік және орыс тілінің сапасы, ресімделуі);

2) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақтылы және сапалы қарауды, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді уақтылы және сапалы көрсетуді қамтамасыз ету;;

3) мемлекеттік қызметшілердің еңбек жағдайларына (оның ішінде материалдық-техникалық, кадрлық және қаржылық қамтамасыз етуге) қанағаттануы;

4) мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін НМИ.

Косымша 1-санаттағы қызметші үшін уәкілетті тұлға мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша бір НМИ айқындаиды.

#### 9. 2-санаттағы қызметші үшін мынадай міндетті НМИ белгіленеді:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының және орталық мемлекеттік орган басшылығының тапсырмалары мен актілерінің сапалы және уақтылы орындалуын қамтамасыз ету (оның ішінде мәтіннің түпнұсқалығы, мемлекеттік және орыс тілінің сапасы, ресімделуі) ;

2) Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақтылы және сапалы қарауды, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді уақтылы және сапалы көрсетуді қамтамасыз ету. Косымша 2-санаттағы қызметші үшін уәкілетті тұлға үш НМИ айқындаиды.

#### 10. Уәкілетті тұлға айқындаитын НМИ:

1) нақты (күтілетін оң өзгерістер көрсетіле отырып қол жеткізуге тиісті нәтиже анық белгіленеді);

2) өлшемді (НМИ өлшеу үшін нақты критерийлер белгіленеді);

3) қолжетімді (НМИ қолда бар ресурстарды, құзыреттер мен шектеулерді ескере отырып белгіленеді);

- 4) уақытпен шектеулі (бағалау кезеңі ішінде НМИ қол жеткізу мерзімі белгіленеді);  
5) мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарымен және/немесе мемлекеттік орган/ "А" корпусы қызметшісі қызметінің ерекшелігімен өзара байланысты болулары тиіс.

НМИ қол жеткізуді бақылауды жүзеге асыру мақсатында уәкілетті тұлға жартышылдық қорытынды бойынша белгіленген НМИ қол жеткізуге мониторингті жүзеге асырады.

11. НМИ саны 5 құрайды.

12. Қызметші белгіленген НМИ келіспеген жағдайда уәкілетті тұлға қызметшінің және уәкілетті тұлғаның тиісті негіздемелерімен қоса келісімнің жобасын Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі Ұлттық комиссияның (бұдан әрі – Ұлттық комиссия) жұмыс органына жолдайды.

13. Келісім жобасын және ұсынылған негіздемелерді қарау нәтижесінде Ұлттық комиссия келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

- 1) уәкілетті тұлғамен енгізілген келісімге "А" корпусы қызметшісіне қол қоюды ұсынады;
- 2) уәкілетті тұлғаға аталған келісімге түзетулер енгізуді ұсынады.

14. Қол қойылған келісімдер қызметші жұмыс жасайтын мемлекеттік органның персоналды басқару қызметінде үш жыл ішінде сақталады.

15. "А" корпусы қызметшісінің Ұлттық комиссиясымен ұсынылған келісімге қол қоюдан бас тартуы, Ұлттық комиссияның қарастыруына шығаруға негіз болып табылады. Ұлттық комиссияның қарастыру қорытындысы бойынша еңбек шартын бұзу туралы ұсыныс шығарады.

### **3-тaraу. Бағалауды өткізу, сондай-ақ бағалау нәтижелеріне шағымдану тәртібі**

16. Әңгімелесуге дайындық персоналды басқару қызметімен жүзеге асырылады және бағалау өткізу үшін қажетті материалдарды дайындау мен бағалау өткізу кестесін айқындауды қамтиды.

Персоналды басқару қызметі НМИ нақты мәндерін және оларды іске асыру пайызын есептейді.

НМИ нақты мәндері және оларды іске асыру пайызы осы Әдістемеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалау парағының тиісті бағандарына енгізіледі.

"Мемлекеттік қызметшілердің еңбек жағдайларына (оның ішінде материалдық-техникалық, кадрлық және қаржылық қамтамасыз етуге) қанағаттануы" міндетті НМИ есептеу үшін ақпараттық жүйе арқылы осы Әдістемеге 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орталық мемлекеттік орган қызметшілеріне анонимді сауалнама жүргізіледі. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган сауалнама жүргізуі үйлестіреді.

"Мемлекеттік қызметшілердің еңбек жағдайларына қанағаттануы (оның ішінде материалдық-техникалық, кадрлық және қаржылық қамтамасыз ету)" міндettі НМИ қол жеткізу пайызы ақпараттық жүйе арқылы қалыптастырылады.

17. Бағалауды өткізуге қажетті материалдарға:

1) мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелерінің, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының не қызметіне "А" корпусының қызметшісі жетекшілік ететін мемлекеттік органдардың қызметі туралы ақпарат;

2) жыл сайынғы келісім және жыл сайынғы келісімнің іске асырылуын растайтын құжаттар;

3) осы Әдістемеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нақты мәндері және әрбір НМИ бойынша іске асыру пайызы енгізілген бағалау парағы жатады.

18. Бағалау парағы ақпараттық жүйе арқылы персоналды басқару қызметімен уәкілетті тұлғаға қарauғa және баға қоюға жіберіледі.

19. Ұсынылған материалдарды қарастырудың қорытындысы бойынша уәкілетті тұлғамен осы Әдістеменің 2-қосымшасында көрсетілген нысанға сәйкес бағалау парағының сәйкесінше графасында қорытынды бағасы (0-ден 5-ке дейін) қойылады.

Осы Әдістеменің 8-тармағының 1) тармақшасында және 9-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген міндettі НМИ бойынша бағалар қою кезінде уәкілетті тұлға осы Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша НМИ іске асыру пайызына қарай ең жоғары бағаны айқындау кестесін пайдаланады.

Өзге НМИ бойынша баға қою кезінде уәкілетті тұлға осы Әдістемеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша НМИ жүзеге асыру пайызына қарай мүмкін берілетін бағаны айқындау кестесін пайдаланады.

20. "А" корпусы қызметшісінің қорытынды бағасы келісімде көзделген НМИ-ға қол жеткізу бағаларының орташа арифметикалық мәніне тең (индикаторлар санына бөлінген НМИ бойынша барлық бағалардың сомасы).

21. Қорытынды баға келесі мәндегі бес балдық шкала бойынша қойылады:

0 - 2,99 балл – "қанағаттанарлықсыз";

3 - 3,99 балл – "қанағаттанарлық";

4 және одан жоғары – "тиімді".

22. Бағалауға қосымша ақпарат қажет болған жағдайда бағаланушы қызметшімен әңгімелесу өткізіледі.

Осы Әдістеменің 3-тармағының үшінші бөлігінде көрсетілген қызметшілермен әңгімелесу қашықтықтан бейнебайланыс құралдарын пайдалану арқылы жүргізіледі.

Персоналды басқару қызметі қызметшіге әңгімелесудің өткізілуі туралы, белгілеген мерзімнен жеті күн бұрын хабарлайды.

Осы Әдістеменің 3-тармағының үшінші бөлігінде көрсетілген қызметшілерге хабарлама тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен және/немесе телефонограммамен және/немесе жеделхатпен және/немесе ұялы байланыстың

абоненттік нөмірі бойынша немесе электрондық мекенжай бойынша не хабарламаның немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып мәтіндік хабарламамен жіберіледі.

Әңгімелесуге бағаланатын қызметші, уәкілетті тұлға, персоналды басқару қызметінің өкілі, сондай-ақ уәкілетті тұлғаның шешімімен бағаланатын қызметшінің тікелей басшысы қатысады.

23. Бағалау жүргізу нәтижелері бойынша уәкілетті тұлғамен бағаланатын қызметшіге келісімде көрсетілген НМИ қол жеткізу туралы ақпаратты, сондай-ақ "A" корпусы қызметшісінің кәсіби деңгейі мен жеке қасиеттерінің сипаттамасын, тәртіптік жазалардың болуын/болмауын қамтитын бағаланатын кезеңдегі оның қызметі туралы пікір толтырылады.

24. "A" корпусының бағаланатын қызметшісі өзінің бағалау нәтижелерін ақпараттық жүйеде, сондай-ақ "Е-қызмет" мобиЛЬДІ қосымшасында алады.

Жұмыстан босатылған адамдарды таныстыру есепті тоқсаннан кейінгі айдың ішінде оның тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатты және/немесе телефонограмманы және/немесе жеделхатты және/немесе ұялы байланыстың аборенттік нөмірі бойынша немесе электрондық мекенжай бойынша не хабарламаның немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып мәтіндік хабарламаны жіберу арқылы жүзеге асырылады.

25. "A" корпусы қызметшісі бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда, бағалау нәтижелерімен танысқан күннен он жұмыс күні ішінде еркін түрде Ұлттық комиссияға тиісті өтініш жасауға құқылы.

#### **4-тарау. Бағалау нәтижелерін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға және кадр саясаты жөніндегі Ұлттық комиссияға жолдау тәртібі**

26. Мемлекеттік орган бағалау аяқталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға мынадай ақпаратты жібереді:

- 1) "A" корпусы бағаланған қызметшілерінің мынадай құжаттарының көшірмелері:  
"A" корпусы қызметшілерінің жыл сайынғы келісімдері;  
бағалау парактары;  
"A" корпусы қызметшілерінің қызметі туралы пікірлер.

2) себептері көрсетіле отырып, оларға қатысты бағалау жүргізілмеген "A" корпусының қызметшілері туралы ақпаратты қамтиды.

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға есепті кезеңнен кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірмей бірінші жартышылдықтың қорытындысы бойынша белгіленген НМИ қол жеткізу мониторингін жібереді.

Осы Әдістеме күшіне енгенге дейін жасалған келісімдерде көзделген НМИ-ге 2025 жылдың бірінші жартышылдығының қорытындылары бойынша қол жеткізу

мониторингі мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға 2025 жылғы 15 тамызға дейін жолданады.

27. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган қызметшілердің жылдық бағалауына талдау жүргізеді және 1 наурыздан кешіктірмей оларды Ұлттық комиссияның жұмыс органына енгізеді.

28. Президент Әкімшілігінің құжаттамалық қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі жауапты құрылымдық бөлімшесі Ұлттық комиссияның жұмыс органына осы Әдістеменің 8-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген НМИ 1-санаты қызметшілерінің орындалуына өзіндік баға береді.

Ұлттық комиссияның жұмыс органы уәкілетті органмен ұсынылған материалдар, сондай-ақ құжаттамалық қамтамасыз ету мәселелері бойынша Президент Әкімшілігінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің ақпараты негізінде оларды Ұлттық комиссияның қарауына шығару туралы шешім қабылдайды.

29. Ұлттық комиссия жұмыс органымен ұсынылған материалдарды қарау және "А" корпусы қызметшісімен әңгімелесу өткізу (қажеттілігіне қарай) қорытындысы бойынша келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) атқаратын лауазымына сай;
- 2) атқаратын лауазымына сай емес.

30. Бағалаудың әділетсіздігі немесе дәлелсіздігі анықталған жағдайда Ұлттық комиссия бағалаудың нәтижесін қайта қарайды, хаттамада тиісті себептер мен түсіндірмелер, сондай-ақ жүргізілген бағалаудың сапасы және уәкілетті тұлғаға қатысты тәртіптік шара бойынша ұсынымдар көрсетіледі.

31. Ұлттық комиссия отырысының хаттамасын рәсімдеу және оны уәкілетті тұлғаға жолдау оның жұмыс органымен жүргізіледі.

32. Ұлттық комиссияның шешімі келесі шешімдер қабылдауға негіз болып табылады:

- 1) қызметшімен еңбек шартын ұзарту туралы;
- 2) қызметшімен еңбек шартын бұзу туралы;
- 3) қызметшіні ротациялау туралы;
- 4) бонус төлеуге.

**5-тaraу. 2025 жылғы 1 қаңтардан 31 шілдеге дейінгі кезеңде жұмыс істеген лауазымынан босатылған, ротацияланған және әлеуметтік демалыстағы "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің қызметін бағалау тәртібі**

33. "А" корпусы қызметшісінің жыл сайынғы келісімі бағалау жылдының 20 қаңтарынан кешіктірілмей, осы Әдістеменің 8-қосымшасына сәйкес нысанда жасалады.

"А" корпусы қызметшісін осы тармақтың бірінші бөлімінде көрсетілген мерзімнен кейін лауазымға тағайындау кезінде, келісім оның лауазымға тағайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жасалады.

Бағалау "А" корпусы қызметшісінің жыл сайынғы келісімде белгіленген НМИ жетістіктерінің және кәсіби деңгейі мен тұлғалық қасиеттерін бағалаудың нәтижесі бойынша жүргізіледі.

34. НМИ уәкілетті тұлғамен анықталады және Қазақстанның Ұлттық даму жоспарымен айқындалған индикаторларға қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарынан, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органның (саяси қызметшінің) меморандумынан туындаиды және келесілерге бағытталған:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы, Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі аппараттарының басшылары, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Хатшысы – Жоғары Сот Кеңесі Аппарат басшысы, орталық атқарушы органдардың аппарат басшылары, Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың басшысы, сондай-ақ облыстар, астана және республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің аппараттарының басшылары үшін:

мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органдардың қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне жетуіне, оның ішінде бюджет қаражаттарын бөлу және пайдалану тиімділігіне;

мемлекеттік органның персоналды басқару стратегиясымен бекітілген көрсеткіштерге қол жеткізу;

Қазақстан Республикасының Президентінің, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің және Премьер-Министр Кеңесі тапсырмалары мен актілерін мерзімінде және сапалы орындалуын қамтамасыз етуге;

жеке және занды тұлғалардың өтініштерін уақтылы қарауды ұйымдастыруды қамтамасыз етуге;

2) орталық атқарушы органдар комитеттерінің төрағалары, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының орынбасарлары үшін:

жетекшілік ететін бағыты бойынша қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне жетуіне, оның ішінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасына;

бюджет қаражаттарын бөлу және пайдалану тиімділігін арттыруға;

ведомствоның жұмыс процестерін басқару тиімділігін арттыруға;

Қазақстан Республикасының Президентінің, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің және

Премьер-Министр Кеңесі тапсырмалары мен актілерін мерзімінде және сапалы орындалуын қамтамасыз етуге;

### 35. НМИ:

1) нақты (күтілетін оң өзгерістер көрсетіле отырып қол жеткізуге тиісті нәтиже анық белгіленеді);

2) өлшемді (нысаналы мақсатты индикаторларды өлшеу үшін нақты критерийлер белгіленеді);

3) қолжетімді (нысаналы мақсатты индикаторлар қолда бар ресурстарды, құзыреттер мен шектеулерді ескере отырып белгіленеді);

4) уақытпен шектеулі (бағалау кезеңі ішінде нысаналы мақсатты индикаторларға қол жеткізу мерзімі белгіленеді);

5) мемлекеттік органның стратегиялық мақсатын немесе мемлекеттік органның (саяси қызметшінің) меморандумын жүзеге асыруға бағытталуы тиіс.

Қызметші белгіленген негізгі мақсатты индикаторлармен келіспеген жағдайда, уәкілетті тұлға келісім жобасын тиісті негіздемелермен бірге Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссияның (бұдан әрі – Ұлттық комиссия) жұмыс органына жолдайды.

### 36. НМИ саны 5 құрайды.

37. Қызметші белгіленген НМИ келіспеген жағдайда уәкілетті тұлға қызметшінің және уәкілетті тұлғаның тиісті негіздемелерімен қоса келісімнің жобасын Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі Ұлттық комиссияның (бұдан әрі – Ұлттық комиссия) жұмыс органына жолдайды.

38. Келісім жобасын және ұсынылған негіздемелерді қарау нәтижесінде Ұлттық комиссия келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) уәкілетті тұлғамен енгізілген келісімге "А" корпусы қызметшісіне қол қоюды ұсынады;

2) уәкілетті тұлғага аталған келісімге түзетулер енгізуді ұсынады.

39. Қол қойылған келісімдер қызметші жұмыс жасайтын мемлекеттік органның персоналды басқару қызметінде үш жыл ішінде сакталады.

40. "А" корпусы қызметшісінің Ұлттық комиссиясымен ұсынылған келісімге қол қоюдан бас тартуы, Ұлттық комиссияның қарастыруына шығаруға негіз болып табылады. Ұлттық комиссияның қарастыру қорытындысы бойынша еңбек шартын бұзу туралы ұсыныс шығарады.

### 1-Параграф. Бағалауды өткізу, сондай-ақ бағалау нәтижелеріне шағымдану тәртібі

41. Әңгімелесуге дайындық персоналды басқару қызметімен жүзеге асырылады және бағалау өткізу үшін қажетті материалдарды дайындау мен бағалау өткізу кестесін айқындауды қамтиды.

42. К материалам, необходимым для проведения оценки, относятся:

1) информация о деятельности структурных подразделений государственных органов, их подведомственных организаций либо государственных органов, деятельность которых курирует служащий корпуса "А";

2) сведения, характеризующие деятельность служащего корпуса "А" в оцениваемом периоде (ежегодное соглашение и документы, подтверждающие реализацию ежегодного соглашения).

43. Осы Әдістеменің 42-тармағында көрсетілген материалдар персоналды басқару қызметімен жалпыланып, қалыптастырылып уәкілетті тұлғаның қарастыруына ұсынылады.

44. Ұсынылған материалдарды қарастырудың қорытындысы бойынша уәкілетті тұлғамен осы Әдістеменің 9-қосымшасында көрсетілген нысанға сәйкес бағалау парағының сәйкесінше графасында қорытынды бағасы (0-ден 5-ке дейін) қойылады.

45. Персоналды басқару қызметімен осы Әдістеменің 9-қосымшасына сәйкес нысанда НМИ жетістіктігі бойынша орташа қорытынды бағасы, кәсіби деңгейі мен тұлғалық қасиеттерін орташа қорытынды бағасы және осы Бұйрықтың 47-тармағымен қарастырылған есептеу формуласы бойынша есептелген қорытынды бағасының көрсетілуімен бағалау парағы рәсімделеді.

46. Рәсімделген бағалау парағы персоналды басқару қызметінің уәкілетті тұлғасына қол қоюға ұсынылады.

47. Қызметшінің қорытынды бағасы келесі формула бойынша есептеледі:

$$a = 0,9b + 0,1c$$

a – қызметшінің қорытынды бағасы;

b – келісімде көзделген нысаналы мақсатты индикаторлар жетістігі бойынша қорытынды бағалардың орташа арифметикалық мәні (барлық қорытынды бағалар сомасының индикаторлар санына бөлінуі);

c – кәсіби деңгейі мен тұлғалық қасиеттерін бойынша қорытынды бағалардың орташа арифметикалық мәні (барлық қорытынды бағалар сомасының көрсеткіштер санына бөлінуі).

48. Қорытынды баға келесі мәндегі бес балдық шкала бойынша қойылады:

0 - 2,99 балл – "қанағаттанарлықсыз";

3 - 3,99 балл – "қанағаттанарлық";

4 және одан жоғары – "тиімді".

49. Бағалауға қосымша ақпарат қажет болған жағдайда бағаланушы қызметшімен әңгімелесу өткізіледі.

Лауазымынан босатылған, ротацияланған және әлеуметтік демалыста жүрген "А" корпусының мемлекеттік қызметшілермен әңгімелесу қашықтықтан байланыс құралдарын пайдалана отырып жүргізіледі.

Персоналды басқару қызметі қызметшіге әңгімелесудің өткізілуі туралы, белгілеген мерзімнен жеті жұмыс күн бұрын хабарлайды.

Хабарлама тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен және/немесе телефонограммамен және/немесе жеделхатпен және/немесе ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша немесе электрондық мекенжай бойынша не хабарламаның немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып мәтіндік хабарламамен жіберіледі.

Әңгімелесуге бағаланатын қызметші, уәкілетті тұлға, персоналды басқару қызметінің өкілі, сондай-ақ уәкілетті тұлғаның шешімімен бағаланатын қызметшінің тікелей басшысы қатысады.

50. Жүргізілген бағалау нәтижесі бойынша уәкілетті тұлғамен бағаланушы қызметшіге келісімде бейнеленген НМИ әрбір жетістігі туралы ақпаратты қамтитын, сондай-ақ кәсіби деңгейі мен тұлғалық қасиеттерін бағалайтын көрсеткіштің әрбіріне сипататама бере отырып, бағалау кезеңіндегі оның қызметі бойынша пікір толтырылады.

51. Лауазымынан босатылған, ротацияланған және әлеуметтік демалыста жүрген "А" корпусының мемлекеттік қызметшілерді таныстыру тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хаттв және/немесе телефонограмманы және/немесе жеделхатты және/немесе ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша немесе электрондық мекенжай бойынша не хабарламаның немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып мәтіндік хабарламаны жіберу арқылы жүзеге асырылады.

52. "А" корпусы қызметшісі бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда, бағалау нәтижелерімен танысқан күннен он жұмыс күні ішінде еркін түрде Ұлттық комиссияға тиісті етініш жасауға құқылы.

53. Қызметшінің қызметін бағалау нәтижесі бонус төлеу, көтермелебеу, оқыту, ротациялау, еңбек шартын бұзу бойынша шешім қабылдау үшін негіз болып табылады.

## **2-Параграф. Бағалау нәтижелерін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға және кадр саясаты жөніндегі Ұлттық комиссияға жолдау тәртібі**

54. Мемлекеттік орган бағалау аяқталған сәттен соң он жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға мынадай материалдардың көшірмесін жолдайды:

- 1) "А" корпусы қызметшілерінің жыл сайынғы келісімдері;
- 2) бағалау параптары;
- 3) "А" корпусы қызметшілерінің қызметі туралы пікірлері;

4) мемлекеттік органның персоналды басқару стратегиясын, есептік кезең үшін мемлекеттік органның персоналды басқару стратегиясын орындау туралы ақпарат\*.

Ескертпе:

\*Аталған құжаттар осы Әдістеменің 34-тармағының 1) тармақшасында көзделген адамдарға қатысты қарастырылған.

55. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган қызметшілердің жылдық бағалауына талдау жүргізеді және 2026 жылдың 1 наурызынан кешіктірмей оларды Үлттық комиссияның жұмыс органына енгізеді.

56. Үлттық комиссияның жұмыс органы уәкілетті органмен ұсынылған материалдар негізінде оларды Үлттық комиссияның қарауына шығару туралы шешім қабылдайды.

57. Үлттық комиссия жұмыс органымен ұсынылған материалдарды қарау және "А" корпусы қызметшісімен әңгімелесу өткізу (қажеттілігіне қарай) қорытындысы бойынша келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) атқаратын лауазымына сай;
- 2) атқаратын лауазымына сай емес.

58. Бағалаудың әділесіздігі немесе дәлелсіздігі анықталған жағдайда Үлттық комиссия бағалаудың нәтижесін қайта қарайды, хаттамада тиісті себептер мен түсіндірмелер, сондай-ақ жүргізілген бағалаудың сапасы және уәкілетті тұлғаға қатысты тәртіптік шара бойынша ұсынымдар көрсетіледі.

59. Үлттық комиссия отырысының хаттамасын рәсімдеу және оны уәкілетті тұлғаға жолдау оның жұмыс органымен жүргізіледі.

60. Үлттық комиссияның шешімі келесі шешімдер қабылдауға негіз болып табылады:

- 1) қызметшімен еңбек шартын ұзарту туралы;
- 2) қызметшімен еңбек шартын бұзу туралы;
- 3) қызметшіні ротациялау туралы.

"А" корпусы мемлекеттік  
әкімшілік қызметшілерінің  
қызметін бағалау әдістемесіне  
1-қосымша  
Нысан

**"А" корпусы қызметшілерінің жыл сайынғы келісімі (1-санаттағы қызметшілер үшін)**

---

**(Т.А.Ә. (болған жағдайда), бағаланатын тұлғаның лауазымы)**

---

**(бағаланатын жыл)**

**Уәкілетті тұлға айқындаған нысаналы мақсатты индикаторлар**

		Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің күжаттарымен н және/немесе мемлекеттік			
--	--	---	--	--	--

№ п/с	НМИ атавы	органы/"А" корпусы қызметшісі қызметінің ерекшелігімен өзара байланыс	Өлшем Б ірлігі	Жоспарлы мәні	Кол жеткізу мерзімдері	Түйінді нәтиже*
----------	-----------	---	-------------------	------------------	---------------------------	--------------------

### Міндетті тәртіппен белгіленетін НМИ (міндетті НМИ)

№ п/с	Міндетті түйінді НМИ	Өлшем бірлігі	Жоспарлы мәні	Кол жеткізу мерзімі	Корытынды нәтиже
1	Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Минис трінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының тапсырмалары мен актілерінің сапалы және уақтылы орындалуын қамтамасыз ету (оның ішінде мәтіннің түпнұсқалығы, мемлекеттік және орыс тілінің сапасы, ресімделуі)	%	100	Бағаланатын кезеңің корытындысы бойынша	Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Минис трінің, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының тапсырмалары мен актілерін сапалы және уақтылы орындау
2	Жеке және з а н д ы тұлғалардың өтініштерін уақтылы және сапалы қарауды қамтамасыз ету	%	100	Бағаланатын кезеңің корытындысы бойынша	Жеке және з а н д ы тұлғалардың өтініштерін сапалы қарау және мерзімдерін сақтау
3	Мемлекеттік қызметшілердің ең бек жағдайларына қанағаттануы (оның ішінде	%	100	Бағаланатын кезеңің	Ең бек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша бағаланатын

	материалдық-техникалық, кадрлық және қаржылық камтамасыз ету)		корытындысы бойынша	адамның қызметіне қызметшілердің қолайлы катынасы
4	Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін НМИ			

\*Түйінді нәтиже - НМИ қол жеткізуден күтілетін оң өзгерістер

Уәкілетті тұлға \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Лауазымы \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

(электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәләндүрылған)

Күні \_\_\_\_\_

Қызметші \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Қолы \_\_\_\_\_

(электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәләндүрылған)

Күні \_\_\_\_\_

"А" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесіне

2-қосымша

Нысан

**"А" корпусы қызметшісінің жыл сайынғы келісімі (2-санаттағы қызметшілер үшін)**

**(Т.А.Ә. (болған жағдайда), бағаланатын тұлғаның лауазымы)**

**(бағаланатын жыл)**

**Уәкілетті тұлға айқындаған НМИ**

№	НМИатауы	Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарымен және/немесе мемлекеттік органдары/"А"	Өлшем бірлігі		
---	----------	--	---------------	--	--

p/c	корпусы қызметшісі қызметінің ерекшелігімен өзара байланыс	Жоспарлы мәні	Кол жеткізу мерзімі	Түйінді нәтиже*
1				
2				
3				

### Міндетті тәртіппен белгіленетін НМИ (міндетті НМИ)

